Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 28 сәуір №7119-25-00-2/3530 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Баймурзина, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Elorda Eco System" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«Наркулов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етүші Норкулов Эркин Аманбаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз деп тану
2. тұрақсыздық өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Астана қаласы әкімдігінің "Elorda Eco System" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынынен «Наркулов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етүші Норкулов Эркин Аманбаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы және тұрақсыздық өндіріп алу туралы - қанағаттандырылсын.

«Наркулов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етүші Норкулов Эркин Аманбаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Наркулов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етүші Норкулов Эркин Аманбаевич Астана қаласы әкімдігінің "Elorda Eco System" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының пайдасына 9160 (тоғыз мың жүз алпыс) теңге тұрақсыздық айыбы

Scanned with CamScanner

мөлшерінде, 45 800 (қырық бес мың сегіз жүз) теңге мөлшерінде айыппұл сомасы және 1 649 (мың алты жүз қырық тоғыз) теңге төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

«Наркулов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етүші Норкулов Эркин Аманбаевич мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоқсан жұз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья А.А.Баймурзина

Көшірме дұрыс

Судья Баймурзина А.А.

Аңықтама: шешім заңды күшіне 09.06.2025 жылы енді

Судья Баймурзина А.А.

Scanned with CamScanner